

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2003 жылға арналған экономикалық және әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары мен экономикалық көрсеткіштердің болжамы туралы мәлімдемесі жөнінде

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 26 желтоқсан N 1370

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2003 жылға арналған экономикалық және әлеуметтік саясаты мен болжам жасалатын негізгі экономикалық макрокөрсеткіштер туралы елдің қалың жұртшылығын хабардар ету мақсатында Қазақстан

Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2003 жылға арналған экономикалық және әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары мен экономикалық көрсеткіштердің болжамы туралы мәлімдемесі мақұлданын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2002

жылғы

26

желтоқсандағы

N 1370

қаулысымен

мақұлданған

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің 2003 жылға арналған экономикалық және әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары мен экономикалық көрсеткіштердің болжамы туралы МӘЛІМДЕМЕСІ

2003 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі келісілген экономикалық саясат жүргізетін болады, оның негізгі мақсаты экономикалық өсудің барынша жоғары қарқынына қол жеткізу болып табылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алға қойылған мақсатты ұстана отырып:

экономикалық өсудің жоғары қарқындарын қамтамасыз етуін экономиканы мемлекеттік реттеу тетіктерін жетілдіруге бағытталған саясатты одан әрі жалғастыратын;

сұраныс пен ұсынысқа байланысты бағамның ауытқуын туғызатын теңгенің еркін өзгермелі айырбас бағамы режимін сақтайтын және қазақстандық тауарлардың сыртқы рыноктарда баға бойынша бәсекеге түсу қабілетінің сақталуына жәрдемдесетін;

инфляцияның, мемлекеттік бюджет тапшылығының төмен деңгейін сақтайтын және елдің төлем теңгерімінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін;

халықтың әл-ауқатын арттыруға, жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге және денсаулық сақтау мен білім қызметтерінің қол жетімділігін арттыруға, мұқтаж адамдарға атаулы әлеуметтік көмекті жақсартуға бағытталған әлеуметтік саясат жүргізетін;

қаржы рыногының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, сақтандыру рыногын, бағалы қағаздар рыногын одан әрі дамытуға және банк жүйесін нығайтуға, экономиканың нақты секторының кәсіпорындары үшін қаржы ресурстарының қол жетімділігіне, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы жүйесін жетілдіруге бағытталған саясат жүргізетін;

бюджеттерді жоспарлау, атқару және атқаруды бақылау процестерінің тиімділігін арттыру мақсатында бюджет жүйесін жетілдіретін;

мемлекет пен салық төлеушінің мүдделерін үйлестіру мақсатында салық жүйесін жетілдіретін;

мемлекет, монополиялар және олардың қызметтерінің тұтынушылары мүдделерінің теңгеріміне қол жеткізуге және табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау шараларын кеңейтуге бағытталған икемді тарифтік саясат жүргізетін;

экономиканың басым секторларына тікелей отандық және шетелдік инвестициялардың ағымын ынталандыратын және мемлекеттік инвестицияларды пайдалануды ұтымды ету және оның тиімділігін арттыру, халықтың ішкі жинақтарын жұмылдыру жөнінде шаралар қолданатын;

құрылыс жинақтары мен ипотекалық кредиттеу жүйесінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіретін, азаматтар мен заңды тұлғалардың жинақтарын, банктердің кредиттерін, зейнетақы және басқа да қорлардың қаражатын, мемлекеттік емес кәсіпорындар мен ұйымдардың қаражатын тұрғын үй саласына тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау жөнінде шаралар қолданатын;

Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру процесін жандандыратын; шет елдерде еліміздің тартымды инвестициялық бейнесін жасау жөніндегі ақпараттық-тұсаукесер жұмысын күшейтетін;

аймақтық экономикалық бірлестіктер (ТМД, ЕурАзЭҚ, ШЫҰ, ЭЫҰ және ОАҚ) шеңберінде экономикалық бастамаларды ілгері жылжытуды қамтамасыз ететін; қосылған құны жоғары өнімнің үлесін ұлғайту мақсатында

экспортты одан әрі әртараптандыру жөнінде шаралар қолданатын;
қазақстандық өнімнің бәсекеге түсу қабілетін арттыру үшін
өнеркәсіптің өңдеуші салаларының кәсіпорындарында ИСО халықаралық сапа
стандарттарын енгізу жөніндегі жұмысты одан әрі жалғастыратын;
ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді, ауылды (селоны) коммуналдық
әлеуметтік және мәдени жағынан көркейтуге бағытталған саясат жүргізетін;
Астана қаласын дамытуды жалғастыратын болады.

2003 жылы Үкімет экономикалық және әлеуметтік саясатты мынадай
басымдықтарды ұстана отырып жүргізетін болады:

аграрлық секторды дамыту және ауылдағы (селодағы) тұрмыс жағдайларын сапалы
т ү р д е ж а қ с а р т у ;

денсаулық сақтауды дамытудың жай-күйін жақсарту және салауатты өмір салтын
н а с и х а т т а у ;

адам ресурстарын дамыту - экономикада жұмыс істейтіндердің білім сапасын және
к ә с і б и б і л і к т і л і г і н а р т т ы р у ;

өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту;
қосылған құны жоғары өнімді тереңдетіп қайта өңдеумен және өндірумен
б а й л а н ы с т ы с а л а л а р д ы д а м ы т у .

2003 жылы ақша-кредит саясатының негізгі мақсаты орташа жылдық инфляцияны 4
-6 п а й ы з ш е г і н д е ұ с т а п т ұ р у б о л а д ы .

РЕПО операциялары, ноталар шығару және вексельдермен қайта есептік
операциялар ретіндегі ашық рыноктың операциялары ақша-кредит саясатының негізгі
қ ұ р а л д а р ы б о л а д ы .

Ұлттық Банктің алтын-валюта резервтері тауарлар мен қызмет көрсетулер
импортын 3 айдан астам уақытқа жабуды қамтамасыз ететін деңгейде сақталатын
б о л а д ы .

2003 жылдың аяғында инфляцияның кемуі қайта қаржыландырудың ставкасын
жылына 6-7 %-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл кредиттік ресурстардың
құнын одан әрі төмендетуге банктер үшін индикатор болуы тиіс.

Инвестициялық сапаны резидент еместердің бағалы қағаздарға инвестицияларды
валюталық реттеу режимін жеңілдету, шетелге тікелей инвестициялау операцияларын
ынталандыру, сыртқы сауда операцияларын жүзеге асыру кезінде өте көп әкімшілік
кедергілерді жою бағытындағы Қазақстан Республикасындағы валюталық режимі
ырықтандыру жалғастырылатын болады. Капитал ағымымен байланысты қатерлерді
азайту үшін тұтастырылған негізде пруденциалдық қадағалау жетілдірілетін болады.

Жеке тұлғалардың салымдарын міндетті ұжымды кепілдендіру (сактандыру) жүйесі
жетілдірілетін, сондай-ақ банк қызметінің ашықтық деңгейі арттырылатын болады.

2003 жылы резиденттер депозиттерінің өсуі 22-24%-ға және
кредиттер көлемдерінің өсуі есебінен банктердің кредиттік қызметінің ұлғаюы 25-26%-

Сақтандыру рыногының инфрақұрылымын дамыту және оның кәсіби қатысушыларының қызметін жандандыру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың әртүрлі санаттарының қызметтегі қатерлерді сақтандыру тиісті дамитын болады.

Сақтандырудың, мәселен, олардың жаппай және әлеуметтік мәні бар бағыттарын қамтитын, сондай-ақ кәсіби жауапкершілікпен байланысты міндетті түрлерінің тізбесін ұлғайту жоспарланады.

Сақтандыру шарттары бойынша клиенттердің мүдделерін қорғау мақсатында сақтандырушыларға (сақтандырылғандарға пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін Қорды құру болжанады. Бірінші кезеңде сақтандырудың қалған барлық түрлеріне оны одан әрі кеңейтіп, міндетті сақтандырудың негізгі түрлері бойынша кепілдікті енгізу болжанады.

2003 жылы қаржы рыногын қадағалау жөніндегі дербес бірыңғай реттеуші органды құру жөніндегі заңнамалық құжаттардың жобаларын әзірлеу болжанады, оның шеңберінде барлық қаржы институттарын жедел бақылау және инвесторлар мүдделері мен құқықтарын кешенді қорғау жүзеге асырылатын болады. Қаржы қызмет көрсетулері бәсекелестігінің ұлғаюына және қаржы ұйымдарының қызмет етуі үшін адал бәсекелестікке жағдай жасауға ерекше назар аударылатын болады.

"Акционерлік қоғамдар туралы" және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" заң жобаларының қабылдануы бағалы қағаздар рыногының одан әрі дамуына серпін беруге тиіс.

Ипотекалық облигациялар, агенттік бағалы қағаздар, қысқа мерзімді коммерциялық бағалы қағаздар сияқты және басқа да қаржы құралдарын дамыту жөнінде шаралар қолданылатын болады.

Вексельдердің бірінші сыныпты эмитенттерінің тізімін қалыптастыру жөніндегі вексельдік айналымның нормативтік құқықтық базасын және вексельдік рыноктың инфрақұрылымын жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру шегінде акционерлік қоғамдардағы корпорациялық басқару жөніндегі ұсынымдарда және бағалы қағаздар рыногына қатысушылардың кәсіби этика нормаларында енгізілген корпоративтік басқару нормаларын ескере отырып, бағалы қағаздар эмитенттерінің ішкі құжаттарының үлгі нысандарын әзірлеу басталатын болады.

Бағалы қағаздардың және брокер-делдалдардың портфелін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға қатысты өте көкейкесті қор рыногы саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдарда корпорациялық басқару жүйесін ұйымдастыру және қатерлерді басқару жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу жоспарлануда.

2003 жылы уәкілетті органға бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің, сондай-ақ борыштық бағалы қағаздар шығарудың акциялары мен жағдайының эмиссия

проспектерінің есеп беруінің электрондық нысанына көшуді жүзеге асыру басталады.

Сақтандыру қызметінің халықаралық стандарттарынан туындайтын талаптарды ескере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспары мен бухгалтерлік есеп стандарттары жасалатын болады, сондай-ақ Ұлттық Банктің автоматтандырылған банктік пакетті сатып алуы жөніндегі дайындау жұмысы жүргізілетін болады.

Төлем жүйелері саласында халыққа және сауда-сервис кәсіпорындарына қызмет көрсету жөніндегі бірыңғай төлем кеңістігін қалыптастыру мақсатында микропроцессорлық карточкалардың негізінде төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін құру және қолма-қол ақшасыз айналымды ұлғайту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Алдағы үш жылда Банк ЕурАзЭҚ елдерінің орталық банктерімен бірлесіп ЕурАзЭҚ елдерінің жалпы төлем жүйесін ұйымдастыру және қаржы рыноктары интеграциясының басқа бағыттары бойынша жұмыс жүргізуді жалғастырады.

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық міндеттерін шешу мемлекеттің мақсаттарын, басымдықтарын және ресурстарын дұрыс таңдай білуге тікелей байланысты.

2003 жылы Үкімет экономика мен бюджеттік ресурстардың дамуы басымдықтарының барынша өзара байланысы арқылы қамтамасыз етілетін стратегиялық, индикативтік және бюджеттік жоспарлауды үйлестіруді қамтамасыз етуді жалғастырады. Осыған байланысты бағдарламалық құжаттарды әзірлеуге көзқарастар күшейтілетін, оларды іске асырудың тиімділігін талдау үшін бюджеттік бағдарламаларды бағалау жүйесін енгізілу және одан әрі жетілдіру жүзеге асырылатын болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджеттік заңнаманы жетілдіруді одан әрі жалғастырады. Осы мақсаттарда 2003 жылы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін қалыптастыру жөніндегі жұмыстарды аяқтау жоспарланып отыр, оның негізгі міндеттері бюджеттік қатынастарды реттейтін қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдердің құқықтық нормаларын біріктіру және жүйелеу, бірыңғай қағидаттары мен ережелері бар біртұтас бюджеттік қатынастар жүйесін орнату, бюджеттік саланың шекарасын нақты айқындау, бюджеттік процеске қатысушылар мен олардың өкілеттіктерін белгілеу, бюджеттік құрылымды және бюджет процесін жүйелеу, бюджет заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік нормаларын енгізу болып табылады.

Бюджетаралық қатынас мәселелерін реттеу үшін Мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасын іске асыру жоспарланып отыр, оның негізгі түйіндері Бюджет кодексінде көрініс табатын болады.

Бюджеттік жоспарлау процесін жетілдіру мақсатында бюджеттік бағдарламалау мен орта мерзімді жоспарлауды одан әрі енгізу жүргізілетін болады. Бұл ретте бюджеттік қаражатты бөлу тиімділігін арттыру мақсатында оларды жоспарлау

республикалық бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының мемлекеттік саясаттың басымдықтарына функционалдық сәйкестілігіне талдауды ескере отырып жүргізілетін болады.

2003 жылы Тұрғын үй құрылысы жинақ банкі құрылатын болады.

Ұлттық қордың активтерін тиімді басқаруға бағытталған саясат жүргізілетін болады.

Үкімет шағын кәсіпкерлік субъектілеріне түсетін салық жүктемесін дәйектілікпен төмендету, қосылған құн салығы жоғары өнімдер өндіретін салалардан бюджетке түсетін төлемдердің үлесін біртіндеп арттыруға алғы шарттар жасау бойынша шаралар қабылдайтын болады.

"Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес инвестициялық келісім-шарттарды жасасу процесінің ашықтығы қамтамасыз етіледі және инвестициялық артықшылықтарды беру тәртібі жеңілдетіледі.

Үкімет салық салудың басты шарттарының бірі - салық заңнамасының тұрақтылығын ұстанатын болады.

2003 жылы жаңа Кеден кодексі қабылданады, ол кеден рәсімдерін сәйкестендіруді және оңайлатуды, мемлекеттік органдардың сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларымен қарым-қатынастарын жетілдіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер деңгейінде кеден баждарын біркелкілендіру мақсатында Үкімет Ортақ кеден тарифіне енетін, оның ішінде Қазақстан экономикасы үшін ықпалды тауарлардың тізбесіне талдау жүргізу жөніндегі жұмыстарды жалғастырады, ол Қоғамдастық шеңберінде сауда қатынастарын одан әрі ықпалдастыруға және жандандыруға әсер етеді.

Үкіметтің экономикалық саясаты мемлекет пен жеке сектордың сындарлы ынтымақтастығына бағытталатын болады. Жеке сектормен ынтымақтастық ішкі және сыртқы рыноктарда бәсекелестігі бар тауарлар мен қызмет көрсетулердің жаңа түрлерін құру мақсатында жүргізілетін болады.

Үкіметтің жеке сектормен ынтымақтастыққа қатысу деңгейі және бағыты аграрлық азық-түлік, индустриялық және көлік-коммуникациялық саясат пен оларға сәйкес келетін даму бағдарламалары арқылы қамтамасыз етілетін болады.

2003 жылы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жеке меншікті енгізуді айқындайтын Жер кодексін қабылдау жоспарлануда.

Аграрлық секторды қолдау өңдеу өнеркәсібінің ауыл шаруашылығымен аралас салаларын дамытуды қамтамасыз етеді.

Индустриялық саясат шеңберінде мұнайды, газды, кара және түсті металдарды терең өңдеу, қазіргі заманғы құрылыс материалдарын, тамақ және халық тұтынатын азық-түлік емес тауарларды өндіру даму алады. Ғылымды қажет ететін және жоғары технологиялық тауарлардың (қызметтердің) дамуына негіз қаланатын болады және

инвестициялық қор құрылатын болады. Өнеркәсіп өндірісінің орташа жылдық өсімі жылына шамамен 8 %-ды құрайды.

Ең алдымен жоғары және ғылымды қажет ететін технологияларға негізделген өндірістердің бәсекеге түсу қабілеті тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың қағидалық негізіне айналмақ.

2003 жылы жұмыспен қамту, базалық білім беруге және денсаулық сақтау қызмет көрсетуіне қол жеткізуді жақсарту, әлеуметтік көмектің атаулылығын жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және басқа шараларды іске асыру жолымен осы проблеманы шешуге кешенді тәсілді көздейтін Қазақстан Республикасында кедейлікті азайту жөнінде бағдарламалық шараларды іске асыру жалғастырылады.

2003 жылы Үкімет арнаулы өтемақылық қазынашылық облигациялар шығару жолымен бұрынғы КСРО Жинақ банкінің шоттарында сақталған халықтың салымдарын өтеуге кіріседі.

2003 жылы ЖІӨ-ың 6%-ға өсуі болжануда. Өндірістің негізгі өсімі мұнай мен газ өндіру есебінен алынатын болады. Мұнай, газ және металдар өткізуден түсетін кірістердің бір бөлігі Ұлттық қорға жіберілетін болады.

Мемлекеттік бюджет шығыстарының зор әлеуметтік мәні бар. 2003 жылы, тұтастай алғанда, экономика бойынша 150 мыңға жуық, оның ішінде мемлекеттік бюджеттен инвестициялық және басқа да бағдарламаларды қаржыландыру есебінен 20-25 мың жұмыс орнын құруға болжам жасалуда.

2003 жылы ең төменгі зейнетақы мөлшері мен ең төменгі жалақы мөлшері 5000 теңгеге дейін ұлғаяды.

Әлеуметтік және арнайы мемлекеттік жәрдемақылардың орташа жылдық мөлшері орташа алғанда 5,9 %-ға ұлғаяды.

Белгіленген экономикалық және әлеуметтік саясатты іске асыру 2003 жылға арналған мынадай макроэкономикалық көрсеткіштерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2 0 0 3 ж ы л ғ а
б о л ж а м

Нақты мәндегі жалпы ішкі өнім, өткен жылға %-бен	6
Нақты мәндегі өнеркәсіп өнімінің (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) көлемі, өткен жылға %-бен	8
Нақты мәндегі ауыл шаруашылығы өнімнің жалпы өнімі, өткен жылға %-бен	2,8
Негізгі капиталға инвестициялар, өткен жылға %-бен	15
Экспорт (ФОБ) млн. АҚШ долл.	10166

Импорт (ФОБ) млн. АҚШ долл.	8240
Республикалық бюджеттің түсімдері, ЖІӨ-ге %-бен	15,2
Республикалық бюджеттің шығыстары, ЖІӨ-ге %-бен	17,2
Республикалық бюджеттің тапшылығы, ЖІӨ-ге %-бен	2
Орташа алғанда жылына инфляция, %	5,9
Жыл аяғына қайта қаржыландыру ставкасы	7
Жалпы алтын-валюта резервтері млн. АҚШ долл.	3355
Өзгеруі, %-бен	11,5
А қ ш а б а з а с ы	
млрд. теңге	237
Өзгеруі, %-бен	14,8
А қ ш а м а с с а с ы	
млрд. теңге	865
Өзгеруі, %-бен	22,4
Банк жүйесіндегі резиденттердің депозиттері	
млрд. теңге	671
Өзгеруі %-бен	23,3
Экономикаға банктердің кредиттері	
млрд. теңге	767
Өзгеруі, %-бен	25
Жеке тұлғалардың мерзімді теңге депозиттері бойынша сыйақының орташа өлшемді ставкасы, %	8,5
Заңды тұлғалардың берілген теңге кредиттері бойынша сыйақының орташа өлшемді ставкасы, %	14,5